

Кударова Назгуль Абильбековнаның 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамытудағы ұлттық кодтың рөлі» диссертациялық жұмысына «Торайғыров университеті» КЕАҚ «Психология және педагогика» кафедрасының педагогика ғылымдарының докторы, профессор Е. Жуматаеваның

## ПІКІРІ

Кударова Назгуль Абильбековнаның «Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамытудаға ұлттық кодтың рөлі» тақырыбына жазған диссертациясының **көкейкістігі**: бұғынгі модернизация кеңістігінде жастарға қойылып отырған сұранымнан туындаған нысан. Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қабілетін интеллектуалды әлеует негізінде өркендету мәселесі бұл зерттеу еңбегінің феноменді тұсы екені байқалды. Аталып отырған студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендету үдерісінде әдіснамалық негіз толыққанды тұрғыда талданып, әрбір зерттеушінің тұжырымдарына докторант өзінің дүниетанымын психологиялық және педагогикалық тұрғыда құрғаны да бұл жұмыстың өзіндік қолтаңбасы деуге негіз бар.

Зерттеу жұмысындағы жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ойлау өнерін жоғары деңгейге бағдарлау үдерістерін нұсқалы іске асыру тұрғысында технологияларды ұтымды қолдануға басымдық берілген күптарлық. Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиетін өркендетуде докторант екі түрлі технологияның ерекшеліктерін айқындалап, білімденудің инновациялық технологиялары педагогикалық технологиядан тиімді екені дәлелденген. Білімденудің инновациялық технологиялары жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде жеке мүмкіндіктерін диагностикалаудан өткізіп, оны деңгейліктерге жіктеп, ілгерілеу тракториясын есептеу үдерісі де қамтылған.

Зерттеу еңбегінде Назгуль Абильбековна жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырғанда оның заңдылығын интеллеутуалды әлеуettің өз-өзін басқаруы мен менеджерлік құзыретінің кәсіби бағдарына сәйкесіп келуіне мән берген. Аталып отырған мәселені шешудің басымдық берер тұстары түзіліммен ұсынылған көшбасшылық қабілетке жетудің психологиялық тұжырымдары сараланған.

Кәсібіліктен құзыреттілікке бейімделудің төрт қасиетінің тобын анықтаған. Тәрбие мен білімді ұштастыру бағамында жоғары оқу орнындағы студенттердің әлеуettік жағдайға қатысты бейімделуі зерттелген. жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі құрылған.

1.1, 1.2, 1.3 бөлімдерінде докторант жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің психологиялық және педагогикалық негіздерін, отандық және шетелдік ғалымдардың идеяларын, аталып отырған мәселеліктердің әдіснамалық бағамдары салиқалы зердеден өткені аңғарылды.

Сол сияқты 2.1, 2.2, 2.3 бөлімінде жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің амалдары мен жолдары, педагогикалық шарттары, өзінің пайымдамасымен құрған моделі үлттық код үдерісінде қарастырылған. Бұл орайда, функционалдық сауаттылығы нұсқалы – локальды сыңайда зерделенген деуге болады.

Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін үлттық сипатта өркендетудің білім мазмұнындағы алатын орны анықталған.

Қорыта келгенде, аталып отырған алты бөлімдегі зерттелген нысаналары эксперименталдық жұмыс арқылы тексеріліп, нәтижесі ұсынылған.

Демек, Кударова Назгуль Абильбековнаның «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамытудағы үлттық кодтың рөлі» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық жұмыстарына қойылатын барлық талаптарына жауап береді. Сондықтан осы жұмысты 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми жетекші**  
**«Торайғыров университеті» КЕАК**  
**«Психология және педагогика»**  
**кафедрасының педагогика**  
**ғылымдарының докторы, профессор**



**Е. Жуматаева**

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

жолын раставмын
подпись <u>Жуматаева Е</u> заверю
HR-қызметі <u>sf</u>

Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»